



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БИЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНА  
АҒА БУЫН ДА,  
ЖАС ҰРПАҚ ТА КЕРЕК

2-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

ЗАМАНАУИ  
ӨРКЕНИЕТПЕН БІРГЕ  
ДАМУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

4-бет



ҮЛКЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕ  
АУРУХАНА ЖОҚ

7-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№1 (1079) 8.01.2024



## ҒҰЛАМА

Өзім аса қатты қадірлейтін асқарлы азаматтардың бірі, қазақ әдебиетін зерттеуге зор үлес қосып, әдебиеттану ғылымын биікке көтерген ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз Рахманқұл аға Бердібай туралы толғанысымыздың атауына осынау бүтін ұғымды тегіннен-тегін алып отырған жоқпыз. Бойына тылсым бір бекзаттық болмыс жинақтап, ғылым-білім жолында жүрген адамның бүтін бітімдік сипатын айқындайтын осы анықтама Рахманқұл ағаның азаматтық тұлғасына дәл келетін сынды.

8-9  
бет

## «ҚАЙЫРЫЛМА» ДЕГЕН СӨЗ ҚАҒИДАҒА АЙНАЛУЫ ТИІС!



Ең алдымен айтарымыз, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газеті басшысы, ҚР Ұлттық Академиясы академигі Дихан Қамзабекұлына берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» атты ел бағдарын айқындайтын көлемді сұқбатында халықтың көкейінде жүрген өзекті сұрақтардың барлығы дерлік қамтылыпты. Мемлекет басшысы Қаңтар қасіретінде өзіне жасалған бопсалаудан бастап, сол мемлекеттік төңкеріс кезінде Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті төрағасы болып отырған тұңғыш президенттің мемуарына дейін өз пікірін білдіріпті.



6  
бет



## ПАРЛАМЕНТ ЗАҢДАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗА БАСТАЙДЫ

Былтыр күзде «Отандастар» қоры өткізген Отандастар форумына келген қандастар жайлы мәселе көтеріп жүретін Германиядағы Өмірхан Алтын бауырым ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсеноваға алып кірсеңіз деп өтініш айтты. Мәселе қандастар жайына тіреліп тұрғасын бірден телефон соқтым. Вице-премьер ханым бірден келісіп, күнді белгіледік.

3  
бет

## КАК В АЛМАТЫ ВЫЙТИ ИЗ ТРАНСПОРТНОГО КОЛЛАПСА?

Пущенные в свое время на самотек общественный транспорт (ОТ) и такси, непродуманная транспортная политика городских властей привели к нынешнему коллапсу в Алматы: пробки наносят огромный ущерб экономике, перспективе развития города, туризму, экологии, благосостоянию и здоровью жителей мегаполиса. Не говоря о пустой трате времени в бесконечных заторах, участвовавших дорожно-транспортных авариях и смертности на дорогах.



## МӘМС-тен МӘНІС КЕТПЕСІН ДЕСЕК, ЗАҢНАМАЛЫҚ ОЛҚЫЛЫҚТЫ ТҮЗЕУ ҚАЖЕТ

5  
бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

## БИЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНА АҒА БУЫН ДА, ЖАС ҰРПАҚ ТА КЕРЕК

Елімізде жаңа буындағы кәсіби мамандарға мүмкіндік беру саясаты алдағы уақытта да жалғасын табады. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Egegen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында айтты.

«Реформалар нәтижесінде көптеген дарынды жас мемлекеттік қызметте өздерінің қарым-қабілетін көрсетуге мүмкіндік алды. Қазір олар Парламентте, мәслихаттарда, министрліктерде және басқа да мекемелерде жұмыс істеп жүр. Сіз жана буын өкілдерін ұдайы қолдап келесіз. Алайда жас басшыларға тәжірибе мен пайым-парасат жетіспейді деген пікір айтылады. Сіз қалай ойлайсыз?», — деп сұрақ қойды «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Камзабекұлы.

Президент қазақ жастарына сенетінін, сондықтан олардың атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданғанын жеткізді.

«Президенттік жастар кадр резерві жасақталды. Іріктеудің бірнеше сатысынан өткен кәсіби жас мамандар мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарға тағайындала бастады. Саяси реформалар аясында партиялардың сайлау тізімін



жасақтағанда және депутат мандатын бөлгенде әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін квота енгізілді. Соның нәтижесінде көптеген отаншыл жас Мәжіліс және мәслихат депутаты атанды. Өкілетті билікте жастардың үні жарқын естіле бастады. Осындай нақты қадамдар билік органдарының құрамын жаңартуға тың серпін берді», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз жауабында.

Ел Президентінің сөзінше, қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп келеді. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралуда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі.

«Ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Сондықтан оларға парасат-пайым жетіспейді деген пікірмен келісе алмаймын. Бірақ билік құрылымдарына аға буынның тәжірибесі де, жас ұрпақтың жаңа идеялары да керек. Бұл жерде эксперимент жасаудың қажеті жоқ. Кейбір сарапшысымақтар «Президент Тоқаев жүйені тұрталатын тастады, ешқандай өзгеріс болған жоқ, ескі кадрлар орнында қалды» деген сыңаржақ пікірін тықпалаудан танабай жүр. Мұның астарында қоғамның шырқын бұзып, мемлекеттілігіміздің іргесін шайқайтын пасық ниет жатыр. Асығыстықтың салдары ауыр болуы мүмкін.

Жас басшыларға көбіне тәжірибе жетіспейді. Менмендігі және өзіне деген сыни көзқарастың әлсіздігі кейде олардың өз қарым-қабілетін жоғары деңгейде көрсетуіне кедергі келтіреді. Соған қарамастан, біз жана буыннан шыққан кәсіби мамандарға мүмкіндік беріп келеміз. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасын табады», — деді Президент.

Жастар — еліміздің болашағы. Мағжан ақын сенім артқан жастарға Мемлекет басшысы да зор сенім білдіріп отыр. Бұл өз кезегінде еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болатынын көрсетсе керек.

## ПИРОТЕХНИКАДАН ЗАРДАП ШЕГЕТІНДЕР АЗАЙМАЙ ТҰР

Пиротехникадан жыл сайын зардап шегетіндер табылады. Әрбір жыл сайын орын алған оқиғадан сабақ алып, жылтыраған бір сәттік пиротехниканы қолданудан саналы түрде бас тартатын кез әлдеқашан жеткен сияқты.

Бірақ қазақстандықтар қағылған дабылға мән бермей, сабылған атушылардың қатары көбеймесе азаймай отыр. Жаңа жыл түні елімізде пиротехника бұйымдарынан 16 адамның зардап шегуі осы сөзіміздің айқын дәлелі болса керек-ті.

«1 қаңтар күні Шығыс Қазақстан облысында 15 жастағы жігітке медициналық көмек көрсету үшін дәрігерлер шақырылды. Ол көшедегі пиротехникадан зардап шеккен, оның ішінде 4 бала бар. 9 адам, оның ішінде 3 бала ауруханаға жатқызылған.

## ТІЛСІЗ ЖАУДАН ОН ҮШ АДАМ ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Елімізде ойда-жоқта отқа оранатын үйлер мен нысандар өте көп. Осындай оқиғаның бірі солтүстікте орын алды.

Өрт сөндірушілер СҚО Булаев ауданының М.Жұмабаев атындағы аудан орталығындағы тұрғын үйдегі өрттен 13 адамды, оның ішінде 2 баланы құтқарып, эвакуациялады.

Өрт туралы ақпарат 1 қаңтарда сағат 13:21-де түскен. 5 минуттан кейін кезекші қарауыл сол жерге келіп, адамдарды құтқаруға және өртті сөндіруге

алған. Үш саусағында тырнақ пластинкасы жоқ, төртінші саусағының ұшы жоқ, бетін термиялық күйік шалған. Ол Өскемен қаласының Ана мен бала орталығына жатқызылды», — деп жазылған министрліктің ресми жауабында.

Жамбыл облысында дәрігерлер 2 шақыруға барған. Ондағы екі адамның да қолында петарда жарылғаны және екеуі де ауруханаға жатқызылды.

Түркістан облысында 1 қаңтар күні 26 жастағы ер адамға медициналық көмек көрсетілді, ол отшашу жағамын деп, білегін жеңіл жаракаттаған.

Алматы қаласы бойынша 31 желтоқсан мен 1 қаңтар күндері 12 адам пиротехникадан зардап шеккен, оның ішінде 4 бала бар. 9 адам, оның ішінде 3 бала ауруханаға жатқызылған.

кірісті. «Өрт сөндірушілер Нұрсұлтан Шунгульшин мен Ерлан Мыжиканов 7 адам: 4 әйел мен 3 бала құтқарды. Өрт сағат 13:50-де толығымен жойылды. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ».

Қарауылдың жеке құрамы жанып жатқан пәтерден 27 литрлік газ баллонын шығарды. Сол үйде тұратын аға лейтенант Ғалымжан Байбусин өрт сөндірушілер келгенге дейін қолда бар құралдармен өртті сөндіру шараларын қабылдап, өрт сөндірушілерге адамдарды эвакуациялауға көмектесті.

## ЭКОНОМИКАНЫ ОДАН ӘРІ ӨСІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Үкіметте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен кеңес өтті. Басқосу ба-рысында 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және Үкіметтің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарлары бойынша Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін кеңейтілген отырысқа дайындық мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысының Жолдауларында және сайлауалды бағдарламасында белгіленген реформаларды жалғастыру аясында экономиканы одан әрі өсіруді қамтамасыз ету мәселелері көптің талқысына түсті.

Атап айтқанда, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік,



денсаулық сақтау, білім беру және туризм салаларындағы мондеттер мен азаматтарды жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қолдауды нығайту мәселелері әңгіме өзегіне айналды.

Сонымен қатар кеңес кезінде инвестиция тарту, шағын және орта бизнесті қолдау, сондай-ақ инфляцияны одан әрі төмендету жөніндегі шаралар талқыланды.

## ЖӘРДЕМАҚЫ мен ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ АРТТЫ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде жәрдемақылар мен зейнетақы мөлшері артты.

2024 жылы бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері (БЖЗҚ төлемдерін есептемегенде) — 130 414 теңге (2023 жылы — 120 838 теңге).

Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 60-тан 65 пайызға дейін ұлғаяды.

Бұл — 28 215 теңге, ал ең жоғары мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 100-ден 105 пайызға дейін артып, 45 578 теңге болды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақы:

— 1, 2, 3 баланың тууына берілетін жәрдемақы 131 100 теңгеден 140 296 теңгеге дейін, 4 және одан да көп бала тууына берілетін жәрдемақы — 217 350 теңгеден 232 596 теңгеге дейін;

— мөлшері балалар санына байланысты көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 55 304 теңгеден 59 183 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін — 138 000 теңгеден 147 680 теңгеге дейін;

— I топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 89 248 теңгеден 95 496 теңгеге дейін, II топ — 71 398 теңгеден 76 397 теңгеге дейін, III топ — 48 681 теңгеден 52 089 теңгеге дейін өсті.


Сондай-ақ, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан асыраушысынан айырылу және еңбекке қабілетінен айырылу бойынша төлем 7 пайызға артты.

Иә, жоғарыда жәрдемақы мен зейнетақыға қосылған қаржы көлемін нақтылап көрсетуге тырыстық. Десе де дәл қазіргідей қымбатшылық қыспаққа алған заманда бұл қарапайым халықтың бір жыртқығын жамауға жараса игі.

## САУДАГЕРЛЕРДІҢ ТАЛАБЫ ЗАҢДЫ МА?

Жаңа жыл елімізге жаңалығымен келді. Күні бүгінге дейін электронды түрде төлем жасауға дағдыланған халық енді қолма-қол ақша ұстауға мәжбүр. Әйтпесе дүкендерден қалаған сатыңызды сатып ала алмай қалуыңыз да бек мүмкін. Осы орайда Манғыстау облыстық мемлекеттік кірістер департаменті кәсіпкерлер қартамен төлем жасаудан бас тартатын болса не істеу керекін түсіндірді.


«Жеке кәсіпкерлер қартамен төлемді қабылдаудан бас тартуға, көрсетілген қызметке, тауарға қолма-қол ақшаны талап ететін жағдайлар кездеседі. Қартамен төлем қабылдаудан бас тарту заңсыз. Себебі Қазақстан Республикасының «Төлем мен төлем жүйелері туралы» Заң нормаларында түрлі төлем тәсілдері — банк картасы, QR немесе қолма-қол ақша қарастырылған (25-бап). Кәсіпкерлердің төлем карталары арқылы төлем қабылдаудан бас тартқаны үшін әкімшілік



жауапкершілік бар: біріншісінде жәй ескерту болса, қайта ереже бұзғанда 147 680 теңге (40 МРП) көлемінде айыппұл салынады (ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 194-бабы)», — деп түсіндірді департамент өкілдері.

Ведомствоның айтуынша, қартамен төлем қабылдаудан бас тарту жағдайлары туралы мемлекеттік кірістер органдарына хабарлау қажет (eOtinish арқылы растайтын құжаттарды жүктей отырып немесе Wipon Cashback тегін қосымшасы арқылы арыздануға болады). Мұндай жағдайда кәсіпкерлерге арнайы шара қолданылатын болады.

Тауарларды сатқанда немесе қызмет көрсеткенде кәсіпкерлер сатып алушыға фискал чек беруі қажет. Чек беруден бас тартқандар әкімшілік жауапқа тартылады.



## ҰБТ-ға ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

ҰБТ десе талапкерлердің басым бөлігі алаңдаушылыққа жол беріп жататын. Қазіргі таңда ҰБТ-ны тапсырудың ережесіне өзгерістер енген. Талапкерлерге бірнеше мүмкіндіктер де қарастырылған.

Қаңтар айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш 29 желтоқсан мен 6 қаңтар аралығында қабылданды. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында немесе УТО қосымшасы арқылы жүзеге асуда.

Ал тестілеу 18 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтеді.

Естеріңізге сала кетсек, қаңтардағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, жазғы ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамағандар, шығармашылық ББТ-дан басқа дайындық бағыттарына, педагогикалық бағытқа ақылы негізде ауысқысы келетіндер, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.

Қатысушылар тестілеу өткізілетін орынды, күнді және уақытты өздері тандайды. ҰБТ-ға қатысып, бағын сынағалы отырған әрбір талапкердің асығы алшысынан түссін деп тілейік.

Бытыр күзде «Отандастар» қоры өткізген Отандастар форумына келген қандастар жайлы мәселе көтеріп жүретін Германиядағы Өмірхан Алтын бауырым ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсеноваға алып кірсеңіз деп өтініш айтты. Мәселе қандастар жайына тіреліп тұрғасын бірден телефон соқтым. Вице-премьер ханым бірден келісіп, күнді белгіледік.

Тамара Босынбекқызы бірер минуттан кейін артынша қайта хабарласып, «Жаңа сіз хабарласқанда алдымда Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Бақаев отыр еді. Өмірхан мырзаның атын естіп, елендеп, мүмкін болса, өзінің де кездесісі келетінін, өйткені Германияда елшілікте істегеннен бері ол кісіні жақсы танып, құрметтейтінін жеткізді» деді.

Сөйтіп Өмекең вице-премьерге кездесетін күнге дейін

мьер ханым. — Мемлекеттік тілдің қолданылуы туралы ведомстволық комиссия көп жылғы үзілістен кейін қайта құрылды. Комиссияда өзіңіз де барсыз, жақында отырысы болады, министрліктен өзіңізге хабарласып, күнін айтады. Депутаттық сауалдарыңызда көтергендей, мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру, Парламентте заңның қазақ тілінде жазылуын да шешудеміз. Келесі жылдан бастап кемінде екі заң жобасы қазақ



# ПАРЛАМЕНТ ЗАҢДАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗА БАСТАЙДЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ВЕДОМСТВОЛЫҚ КОМИССИЯ ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ.

«ҚАЗАҚ КАРТАСЫ» ДЕГЕН СӘТТИ АТАУДЫ КІМ ӨЗГЕРТТІ?

ҚАЗАҚСТАН ЕШҚАНДАЙ КӨП ҰЛТТЫ ЕЛ ЕМЕС! СОНДЫҚТАН «КӨП ҰЛТТЫ ЕЛМІЗ» ДЕГЕН СӨЗДІ ДОҒАРУ ҚАЖЕТ!  
АЛМАНИЯДАН ЖЕТКЕН АЛҒЫС

Сыртқы істер министрінің орынбасарымен де кездесіп, кеңесіп шықты.

Өмірхан Алтын Қытайдағы қандастар қысымын 2017 жылғы Дүниежүзі қазақтары құрылтайында президентке ең алғаш жеткізген қандасымыз.

Өмірхан Алтын мен «Атажұрт» қоғамын құрған қандастар мәселесін қорғаушы Қыдыралы Оразұлы екеуі 2018 жылы 5 қарашада, Швейцарияның Женева қаласындағы Біріккен ұлттар ұйымының Бас штабында өткен, 31-ші Адам құқықтарын қорғау жиналысына қатысып, қолдарындағы 2 жыл бойы жинаған Қытай лагерінде қамалған Қазақтар туралы ақпараттар мен олардың туыстары жазған арыздарды көрсетіп, әрі Қытай лагерінде қамалып шыққан бір куәгерді алып барып, әлем алдында Қытай қылмысын айқарадай ашқан еді.

Кейін 11 қарашада Бельгияның Брюссель қаласындағы Европарламенттің Адам құқықтары жөніндегі басшысына Қытайда қамалған қазақтардың арыздарын өткізген еді. Осыдан бастап әлем назары Қытайдың мұсылман халықтарға, қазақтарға қысымына ауып, айыптай бастады.

Кейін бұл жетістікке жолдан қосылған тегі күмәнді айқайшылар ие болғысы келіп, аңқау халықты әбден шатастырғаны белгілі.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсеновамен әңгімеміз шәй үстінде кеңінен отырып, ұзаққа созылды. Маңызды мәселенің бәрін, мемлекеттік тілдің жайы, қандастар көшін күшейту жолындағы кедергілерді т.б қозғап қалдық. Тамара Босынбекқызы біздің парламенттегі жұмыстарымызға тоқталып, ризашылығын білдірді.

— Сіз көтеріп жүрген мемлекеттік тіл мен қандастар көшіне байланысты біраз мәселелерді шешуге тырысып жатырмыз, — деді вице-пре-

мьер ханым. — Мемлекеттік тілдің қолданылуы туралы ведомстволық комиссия көп жылғы үзілістен кейін қайта құрылды. Комиссияда өзіңіз де барсыз, жақында отырысы болады, министрліктен өзіңізге хабарласып, күнін айтады. Депутаттық сауалдарыңызда көтергендей, мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру, Парламентте заңның қазақ тілінде жазылуын да шешудеміз. Келесі жылдан бастап кемінде екі заң жобасы қазақ

қандастар мәселесіне келсек, «қазақ» деген анықтаманы тиісті органдардың беруі де сіздер талқылап жатқан заң жобасында бар. Өзіңіз заң жобасына ұсынған Қазақстан Азаматтығын алу үшін қазақ тілінен емтихан тапсыру да заңға енуде.

Біз де вице-премьерге бұлардан өзге де әлі шешілуі тиіс біраз мәселелерді жеткіздік. Оның ең бастысы әрине, Мемлекеттік тіл туралы заң тұжырымдамасының әлі үкіметте қозғаусыз жатуы.

Тамара Дүйсенова Өмірхан Алтын мырзамен де қандастарымыздың тағдыры мен талап тілектері жәйлі кеңінен әңгімелесті.

Әңгіме қандастар мәселесіндегі «Ата жолы» картасына, оның ерекшеліктеріне ауысқанда Тамара Дүйсенова:

— Басында «Ата жолының» атауы «Қазақ картасы» деп аталған еді, неге екені белгісіз, кейін ауысып кетті» деп қалды.

Осы кезде бәріміздің басымызда «Қазақ картасы» деген атауды кім өзгертті? деген сауал тұрды.

Менің есіме бірден бұдан бұрынғы, Тамара Босынбекқызына дейін Премьер-министр орынбасары болған Алтай Көлгіновтың парламентте бекітуге келгендегі ол кісі екеуміздің арамыздағы осы тақырыпқа байланысты диалог түсе кетті.

Иә, 2022 жылы күзде мен күрделі жүрек отасымен ауруханада жатқанда, парламентте осы қандастар мәселесін қаралған жиын өтті. Ауруханадан онлайн қосылу қиынға соқса да, бір қарағанда вице-премьер Алтай Көлгіновтың қандастарға байланысты «Қазақ картасы» деген атауға тиісіп отырғанын байқап қалдым.

— «Қазақ картасы» деген не атау? Біз көп ұлтты елміз. Атын ауыстыру керек!» — деп шүйлігіп отыр екен.

Ауруханада жүрек отасынан кейін телефон қарауға тыйым

салса да, зууммен кіріп отырған мен өз құлағымға өзім сенбей, қан қысымым көтеріліп кетті. Қарсы сөз айтуға ақталып отырғанда кезек тимей, ақырында байланыс үзіліп қалды.

Кейін 2022 жылғы 20 қарашадағы президент сайлауынан кейін 2023 жылы қаңтардың басында үкімет ауысты да, Көлгінов қайта вице-премьер болып тағайындалуға парламентке келісім алуға келгенде осы әңгімені алдына тарттым.

— Ұлттық идеологиямыз жолға қойылмай жатыр әлі. Тәуелсіздікке 30 жылдан асса да, біздің шенеуніктер Кеңес империясы кезіндегідей ұлт десе, тіл десе, шекелері тырысып шыға келеді. Өткенде осы парламентте қандастарға байланысты жиында Алтай Сейдірұлы, сіз «Қазақ картасына» байланысты «Қазақ» деп айтуға болмайды, көп ұлтты елміз» деп айтып қалдыңыз. Егер үкіметтің идеологиялық сала бойынша вице-премьері «қазақ» деген сөзді айтуға болмайды» деп, ұлтымыздың атын атаудан қашып отырса, қайдағы Ұлттық идеология?! — деп сынадым.

Алтай Көлгінов «Қазақ» деген атау не?» деп айтқан жоқпын. Сіз дұрыс түсінбей қалған боларсыз» — деп тайқып кетті. (Шындап келсек, ол жиын Мәжілісте видеоға түсірілген). Бірақ бәрібір ескі сұрлеуіне қайта түсіп: «Біз көп ұлтты ел екенімізді ұмытпайық» деп қайта қайталады.

Сол кезде маған идеологиялық вице-премьердің сөзінің идеологиялық қателігін шығаруға тура келді:

— Біз, Қазақстан ешқандай көп ұлтты ел емеспіз. Бізде тек қазақ ұлты бар, қалғандары диаспоралар. Қазақстан унитарлы мемлекет екені Конституцияда жазулы тұр. Сондықтан «көп ұлтты елміз» деген сөзді айтуды доғару қажет!» — дедім.

Бұл сөзімнің видеосы әлеуметтік желіде қатты тарап кетті.

Иә, бұл жоба шетелдердегі этникалық қазақтарға арналған-

дықтан, «Қазақ картасы» деген атау нақты да, сәтті қойылған еді. Тәуелсіздік аласақ та, сол баяғы көлеңкесінен қорқытын шенеуніктер атын ауыстырып тынды «Қазақ» деген өз ұлтының, мемлекет құраушы негізгі ұлттың атын да атауға қорқып..

Осы оқиғаны еске салуға тура келді қазіргі идеологиялық вице-премьер Тамара Дүйсенованың сөзіне жауап ретінде.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсеновамен өте мәнді өткен бұл кездесу туралы ертеңіне Өмірхан Алтын өз парақшасында «КІШПЕЙІЛ, ЕРЕКШЕ ҚАЗАҚИ БАСШЫ» деген тақырыппен ризашылығын білдіріп жазды.

Бүгін сол Өмірханның жазған сөзін ықшамдап келтіре кеткенді жөн көріп отырмын.

— Жалмауыз пандемия өршіп ҚАЗАҚ БАЛАСЫ да шетінен қынадай қырылып жатқан бір кезде Атамекенге титтей болса да көмек болсын деп Мюнхен қаласындағы ағайындар аса қажетті дәрі-дәрмектер алдық. Өкінішке орай, Қазақстан консулдығы тапсырылған көмекті тездетіп жібере алмай әлсіздік танытты. Соған қатты ашуланып 30.07.2020 күні жазған бір постым елде аса күшті резонанс тудырған еді.

Сол күні арадан бір екі сағат өтпей жатып, «Мен Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Тамара Дүйсенова боламын, туындаған жағдай үшін кешірім сұраймыз. Аландамаңыз, дәрі-дәрмектердің тез арада елге жеткізілуі үшін семіз» деп Қазақстан уақыты бойынша түнгі сағат 01:00 шамасында бір қарындасым жанға жылы, тап-таза қазақша сөйлеп, хабарласып тұр. Ол уақытқа дейін ел президенті көмекшісі түгілі жәй бір ауыл әкімі көмекшісінің өзі түнді қойып күндіз, онымен қоймай таза қазақша хабарласып көрмегендіктен, мені бұл жағдай өте таң қалдырып, екінші

жағынан қатты қуантқан еді. Ертеңгісі ол кісі айтқанындай жинаған көмегімізді тездеп елге жеткізіп берді» — деп есіне алады Өмірхан бауырымыз.

— Кеше ел ордамыз Астанада ұзақ жылдардан бергі досым, Қазақ ұлтының нағыз жанашыры, әрдайым ұлт мүддесін қорғаушы Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса бауырымыздың дәнекерлігі арқасында сол пандемия оқиғасынан бері сырттай танысып, бірнеше рет телефон арқылы сөйлескен, қазіргі таңда премьер-министрдің орынбасары Тамара Босынбекқызы Дүйсенова ханымның жеке қабылдауында болдым.

Ашық-жарқын жағдайда, бетпе-бет өткен кездесуден кейін Тамара қарындасымның шын мәнінде ұлттық құндылықтарды басшылыққа алушы, ұлтының болашағын ойлаған, қайбір салада болмасын қолынан келгенінше халқына жақсылық істеуден тартынбайтынын байқадым.

Асыра мақтанған емес ол кісінің көрген-білгені, тәжірибесі мол, бәрінен бұрын ақ көңіл, кішпейіл, ел-жұртына шын көңілімен қызмет ете алатын, қазіргі таңдағы үкімет мүшелерінің алдыңғы қатарында орын алатын нағыз қазақи мінезді бір басшы екеніне көзім әбден жетті.

Тамара Босынбекқызы қарындасыммен әсіресе шет елдердегі миллиондаған қандастарымыздың тағдыры, олардың талап тілектері жәйлі ұзақ әңгімелестік.

Әрине АТА БАБАДАН мұра кең байтақ жері бар, жер асты мен үстінде аса бай қазыналары бар, текті жұрты бар ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ бүгінде кездестірілетін ұлттық мүдделерге қайшы кейбір келеңсіз жағдайлардың әр салада толықтай тәуелсіз, нағыз ұлттық бір ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІН аңсаушы барша бауырларымызды қатты қынжылтып келе жатқаны сөзсіз.

Бірақ та ұлтының шынайы жанашыры Тамара қарындасымдай жоғары дәрежелі мемлекеттік қызметкердің бар екеніне өз көзім жеткеннен кейін, ұлтымыздың болашағына деген сенімім одан әрі күшейе түсті.

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Тамара Босынбекқызы Дүйсенова сияқты нағыз қазақи мінезді мемлекеттік басшылар мен қай уақытта болмасын ұлттық мүдделерді қорғау барысында аянбай еңбек етіп келе жатқан Қазыбек Иса сияқты ұлтшыл депутаттарымыз көп болсын.

Мен оларға шын жүректен ризашылығымды білдірем!

Алла тағала да оларға разы болып, қасиетті ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ қызмет ету барысында қажымас қайрат, күш-қуат, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, мол бақыт берсін!

ҚАЗАҚ ӨЗ-ӨЗІМІЗДІ СЫЙЛАЙЫҚ — ЖАТ ЖАНЫНАН ТҮҢІЛСІН !!!

БӘРІНЕН БҰРЫН ЕЛІМІЗ АМАН, ШҰРЫМЫЗ ТЫНЫШ БОЛСЫН АҒАЙЫН!» — деп толғапты Алманиядан алғысын жеткізген қайраткер Өмірхан Алтын.

Осы өзім куә болған келелі кеңес құрған кездесу мойнымда қарыз болмасын деп оқырмандарға баяндап отырмын.

Жаңа жылда еліміз өрге, тіліміз төрге шыға берсін!



(<https://akzhol.kz/ru/blog/mazhilismeny-pravazaderzhannyh-grazhdan-ne-dolzny-narwshatsya-www-inform-kz>). Осы кездесулердің нәтижесінде біз тергеу тарапынан тиісті назардан тыс қалған нақты фактілерді атап, прокуратураға жүзден астам өтініш жолдадық. Ресми жауаптарға қанағаттанбай, бас прокурор Берік Асылыовтың қабылдауына бардық, ол егжей-тегжейлі әңгімеден кейін тиісті тапсырмалар берді (<https://akzhol.kz/kk/blog/azat-peruashev-bas-prokuormen-zekt-mselelerd-tallad>). Кездесулерде бізге «Ақ жол» фракциясының өтініші бойынша балалары босатылған ата-аналар келіп, алғыс жаудырған кездер де болды (<https://t.me/peruash/4540>).

Бұған 14 қаңтарда Президент Қ.Тоқаевтың Бас прокурорға берген – ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда ұсталғандарға қатысты шараларды жеңілдету туралы тапсырмасы құқықтық негіз болғанын айта кеткен жөн. Ал сол жылдың қыркүйегінде мемлекет басшысы Қаңтардағы ауыр қылмысқа қатысты жоқ барлық қатысушыларға рақымшылық жариялады. «Рақымшылық туралы шешім қоғамдық келісімді нығайтуға жастарға мемлекеттің оларға және олардың болашағына сенім артатынын көрсетуге бағытталған. Бұл қадамның өте ұзақ мерзімді және дұрыс салдары болатынына сенімдімін – жаңа президенттік мерзімнен әлдеқайда ұзағырақ. Сондықтан бұл қадамды Қасым-Жомарт Кемелұлының былғы Жолдаудағы ең маңызды саяси шешімі деп санаймын» – «Ақ жол» демократиялық партиясы рақымшылық жасау актісін осылай бағалады (<https://akzhol.kz/ru/blog/peremen-neizbezhn-kazpravdakz>).

Мемлекет басшысы одан да ілгері жүріп, 16 наурызда Республиканың саяси жүйесін өзгертіп, оны ашық әрі икемді етіп өзгерткен Конституциялық реформаны бастады. Бұл туралы Қ.Тоқаев сұхбатында да айтып, сайлау туралы, митингілер туралы, саяси партиялар туралы, парламент туралы, конституциялық сот туралы заңдардағы өзгерістерді атап өтті. Жаңа 2024 жылға дейін аяқталған бірінші парламент сессиясы конституциялық реформа Мәжіліске әлдеқайда өткір жұмыс істеуге, сайлаушыларға одан да жақын болуға мүмкіндік бергенін көрсетті. Бұл қоғамдық пікірталастардың айтарлықтай бөлігін көшелерден парламент қабырғасына көшірді, бұл сөзсіз үлкен жетістік. Президенттің партиялық емес (дәлірек айтсақ, партиялардан жоғары) мәртебесі, мемлекет басшысының туыстарының мемлекеттік қызметте және ұлттық компанияларда қызмет атқаруына тыйым салу сияқты басқа да жаңалықтарды; 30 жыл ішінде бірінші рет билік партиясына премьер-министрді ұсыну құқығын беру және т.б. атап өткен жөн. Осының барлығы соңғы екі жылда мемлекетті қоғамға жақындата түсті. Біздің еліміз өзін қазіргі жағдайын дұрыс бағалады, біз орта ғасырлық надандыққа сырғып кету қаупінен аулақ болуымыз керек, берісін кету қаупінен заманауи өркениетпен, оның жанашылдық пен технологияға ашықтығымен бірге дамып, ілгерілеуіміз керек.

Бірақ тізілген мысалдардың өзі Қ.Тоқаев ойлаған істерінің жүзеге енді асырылатынын, пысықталу үстінде екенін, бәлкім оны тиісті институттардың – парламент пен үкіметтің бастамасына әдейі қалдырылғанын көрсетеді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Конституция бойынша референдум өткен күннің ертеңінде бұл жүйелі өзгерістердің басы ғана екенін, реформалар жалғасын табатынын атап өткені бекер емес.

Бизнес пен отандық өндірушілердің партиясы ретіндегі «Ақ жол» демпартиясы үшін бұл сұхбатта мемлекет басшысының инвестициялық штаб құру, өндірістік жобаларды жүзеге асыру, жаңа Салық кодексі әзірлеу және квазимемлекеттік сектордың рөлі жөніндегі ұстанымын көру өте маңызды болды. Сондай-ақ, Президенттің жаңа саяси жүйедегі Бюджет кодексінің маңыздылығын қаншалықты нақты атап көрсеткені де назар аударарлық – бірақ бұны үкіметте дұрыс түсінбеуде, бұл туралы бір апта бұрын, 27 желтоқсан «Ақ жол» фракциясы Бюджет кодексінің бірінші оқылымында мәлім етті (<https://akzhol.kz/kk/blog/mzhlst-plenarlotrsnda-biudzhet-kodeksn-zhobasn-brnsh-olmtallau-kezndeg-a-zhol-dempartiiasn-stanm>).

Жалпы, бұл сұхбатты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атқарылған істерді қорытындылайтын, сонымен қатар, болашаққа, жақын уақытқа деген векторды белгілейтін бағдарламалық мәлімдемесі деп бағалау керек. «Ақ жол» демпартиясының өкілдері де, барлық деңгейдегі біздің депутаттар да осындай өзгерістерді ілгерілету үшін барын салады.



## «АҚЖОЛДЫҚТАР» АЛМАТЫ ӨҢІРІНДЕГІ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНДА БОЛДЫ

**«Ақ жол» демократиялық партиясы Алматы және Алматы облысының кәсіпорындарында бірқатар кездесу өткізді. Іле ауданындағы «Сары-Бұлақ» құс фабрикасында ұжым мен компания иесі Жеңіс Смайыловпен әңгімелесіп, жұмыс процесімен танысты.**

Жалпы, құс өсіру саласы бүгінде күрделі кезеңнен өту үстінде: олардың айтуынша 2023 жылы 48 құс фабрикасының 11-і жұмысін тоқтатқан. Негізгі мәселелер – мемлекеттік органдардың (әсірлік пен монополияға қарсы комитеттің) жұмыртқа бағасын өсірмеу талабымен қоса жемнің қымбаттауы. Солай бола тұра, Ж.Смайыловтың айтуынша, делдалдардың әрекетін ешкім шектемейді: сауда желілері жұмыртқамен қамтамасыз ету бойынша өндірушімен тікелей келісімшартқа отырудан бас тартып, тек алып-сатарлар арқылы жұмыс істеп жатыр.

Осының нәтижесінде, фабрикадан бір данасы 41 тг сатылса, дүкендерде 65-тен 80 тг дейін, яғни, 1,5-2 есе қымбатқа сатылады. «Бағаны осылай реттеуден кім ұтады? – деп наразылық танытады кәсіпкер, – халық та, фабрика да емес, өздері ешнәрсені өндірмейтін делдалдар». Осыған байланысты, сала сауда желілерін тікелей өндірушімен жұмыс істеуге міндеттеуді сұрайды.

Соңғы кезде асқынып тұрған тағы бір мәселе жұмыртқа табатын құстарды жүйелі түрде жанартуға керекті аналық үйір мен инкубатордың жоқтығы болып отыр.

Балапандарды Европадан әкелу өте қымбатқа түседі және қалыпты баға аясында жұмыртқа өзіндік құнына кірмейді; сондықтан, бұрын балапандар Ресейден

жеткізілетін. Бірақ, белгілі себептерге байланысты Ресейдің өзінде тапшы болып, жұмыртқа бағасы күрт өсіп отыр. Осыған байланысты бұрынғы жеткізушілер балапан жіберуден бас тартып, тіпті, керісінше, бізден өздеріне 70-75 тг-ге жұмыртқа сату-ды сұрауда.

Фабрикалар жасарудың болмауы себебінен жұмыртқа табатын құстардың санын азайтып, өнім шығаруды қысқартуда.

Мәселені аналық үйір мен инкубатор алу қосымша қаражат керек. Кәсіпорындар бұған дейін де банктер мен Аграрлық несие корпорациясының алғашқы қиындықтар кездескенде-ақ несие уақытынан бұрын жабуды немесе құны он есе аз қарыз үшін кешеннің өзін беруді талап еткен саясатымен бетпе-бет келген. Соның салдарынан Ж.Смайылов жұмыс істеп тұрған бройлер өндірісін сатуға мәжбүр болған.

Бизнеске көмек қолын созған жалғыз ұйым – ҚазАгроФинанс екенін айтады кәсіпкер. Сондай-ақ, ол «Ауыл-аманаты» бағдарламасы бойынша қажетті қаржыны бөлген Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (ӘКК) рөлін жоғары бағалады. Жалпы, Жеңіс Смайылов пен оның командасымен әңгіме жағымды әсер қалдырды. Компания саладағы жағдайды егжей-тегжейлі баяндап, мәселеге қандай шешім ұсынатынын жолдайтын болды.

Сол жерде бүгінде өнімдерінде негізгі орынды алкогольсіз сусындар алып отырған «Первый пивзавод» ЖШС жұмысымен де таныстық. Бір жарым ғасырлық тарихы бар ірі кәсіпорын 2013 жылы Алматыдан көшіріліп, бүгінде аудандық, облыстық бюджетке донор боп отырған кәсіпорындардың бірі.

Зауыт заманауи еуропалық жабдықтармен жабдықталған, белсенді түрде кеңейіп, жаңа цехтарда өндірістік желілер орнатылып жатыр. Кәсіпорын басшылығы Денсаулық сақтау министрлігінің газдалған және құрамында кант бар сусындарға акциз салығын енгізу жоспарына алаңдаулы.

Олардың қарсы уәжі қисынды: егер кант зиянды болса, онда нәліктен сусындарға ғана мұндай шектеу қолданбақ? Нәліктен қанттың өзге және т.б. ұқсас акцизді енгізбеске? Оның үстіне өнімнің едәуір бөлігі экспортқа шығарылады. Мүдделі тараптарды шақыра отырып, бұл мәселені фракция отырысында жан-жақты талқылау ұсынылды.

Сонымен қатар, ақжолдықтар Алматыда тамақ өнеркәсібіне қажетті ингредиенттер шығаратын «Eligita» компаниялар тобында болып, зертханалардың жұмысын көріп, ұжыммен әңгімелесті. Бизнес еуропалық серіктестермен тығыз жұмыс істейді, белсенді түрде кеңейіп келеді және жақында Бішкек пен Ташкентте кеңселері ашылды. Холдинг басшылығының ұсынысы бойынша, көпжылдық еңбегі үшін зауыттың екі қызметкеріне «Еңбегім елім» құрмет белгісі («Ақ жол» демократиялық партиясы мен ҚР Ұлттық өнеркәсіп палатасы тағайындаған) осы кездесу барысында табыс етілді. Кездесу барысында бизнесті дамытудың өзекті мәселелері мен келешегін, сондай-ақ отандық өндірушілерге мүмкін болатын көмектер де талқыға түсті.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

## МӘМС-тен МӘНІС КЕТПЕСІН ДЕСЕК, ЗАҢНАМАЛЫҚ ОЛҚЫЛЫҚТЫ ТҮЗЕУ ҚАЖЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Т.Б. ДҮЙСЕНОВАҒА

**Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, (ТМКМК) тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында азаматтардың кедергісіз медициналық көмек алуы үшін жұмыс беруші өз қызметкерлері үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына ай сайын жарна төлеуге міндетті.**

Осыған орай, жұмыс берушінің еңбек демалысында болған уақыт үшін жарналарды аудармауына байланысты «Ақ жол» демпартиясына еліміздің түрді өңірлерінен білім саласының қызметкерлерінің бірі.

Мұғалімдердің айтуынша, олардың кезекті еңбек демалысының ұзақтығы 56 күнтізбелік күннен артық болуы мүмкін, яғни, 2 айға жуық. Тиісінше, демалыс ақысын есептеген кезде жұмыс беруші есептелген сомдан міндетті медициналық сақтандырудан шегерімдерді оның ұсталатын мерзімін көрсетпей жүргізеді. Ал, мысалы, мұғалім демалысқа маусым айында шыққан болса, яғни, демалыс кезеңінің басынан бастап және шілде айында

денсаулығына байланысты емханаға медициналық көмекке жүгінсе, міндетті медициналық сақтандыруға аударымдардың болмауына байланысты емдеу мекемесі оған көмек көрсетуден бас тартады.

Жергілікті білім департаменттері бұл олқылықты еңбек демалысы кезінде қызметкердің жалақысы есептелмейтіндігімен түсіндіреді.

Оның үстіне мұғалімдер атап өткендей, жағдайды шешу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясына өз бетінше жүгінген оларға өз қалталарынан 1 АЕК-ның 5 пайызын, яғни, медициналық қызмет жағдайдағы медициналық қызмет қайта қалдына келтірілетіні туралы жауап берілген екен.

Мұғалім мамандығы қиын, жауапты және көп күш пен денсаулықты талап етеді, соған сәйкес, демалыс кезінде көптеген мұғалімдер денсаулығын қалпына келтіруге тырысады, бірақ оның орнына мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырып, өз мәртебесін жанарту үшін жеке қалтасынан міндетті медициналық төлемді төлеуге мәжбүр бо-

лады. Осының барлығы (МӘМС) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру имиджіне кері әсер етеді деп есептейміз.

Ұқсас жағдайға тек мұғалімдер ғана емес, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бір айдан астам еңбек демалысы берілуі керек басқа да мамандықтар (әскерилер, (ТЖМ) Төтенше жағдай министрлігі қызметкерлері және т.б.) душар болуда.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, құрметті Тамара Босымбекқызы, «Ақ жол» ҚДП-ның депутаттық фракциясы ұзақ мерзімді еңбек демалысы бар қызметкерлердің (МӘМС) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру құқықтық олқылықты қорсетілген тұрғыдан реттеуді сұрайды.

**Құрметпен,  
«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары  
А.САДУАҚОВ  
А.АРАШЕВ  
Д.ЕСПАЕВА  
Қ.ИСА  
Е.БАРЛЫБАЕВ  
Е.БЕЙСЕНБАЕВ**

Ең алдымен айтарымыз, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газеті басшысы, ҚР Ұлттық Академиясы академигі Дихан Қамзабекұлына берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» атты ел бағдарын айқындайтын көлемді сұқбатында халықтың көкейінде жүрген өзекті сұрақтардың барлығы дерлік қамтылыпты. Мемлекет басшысы Қаңтар қасіретінде өзіне жасалған бопсалаудан бастап, сол мемлекеттік төңкеріс кезінде Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті төрағасы болып отырған тұңғыш президенттің мемуарына дейін өз пікірін білдіріпті.



## ӘДІЛ ЗАН мен ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП КЕРЕК

Президент жаңа ережемен сайланған VIII шақырылған Парламент Мәжілісі туралы да өз ойын келтіріп, орынды баға берген.

«Мен түйткілдердің түйінін айкай-шүмен алаңда емес, диалог үшін арнайы құрылған орындарда, ең алдымен, Парламентте өркениетті жолмен, саликалы түрде таркату керек деп үнемі айтамын.

Қазір Парламентте түрлі көзқарастағы қоғам өкілдерінің мүддесін білдіретін сан алуан саяси күштер бар. Парламенттік оппозиция институты заң жүзінде бекітілді.

Соңғы сайлауда Мәжіліске алты партия өтті. Оның үшеуі

# «ҚАЙЫРЫЛМА» ДЕГЕН СӨЗ ҚАҒИДАҒА АЙНАЛУЫ ТИІС!

## «КЕТТІҢ БЕ – ҚАЙЫРЫЛМА!»

Президент ел басына төнген ауыр күндерді еске алады.

«Сол кездегі ахуал өте күрделі болды, еліміз құрдымға кетуге шақ қалды. Бұған жол бермеу үшін барлық іс-әрекетті күндіз-түні және сағат сайын тікелей өзім бақылап отырдым. Ішкі істер министрлігі арқылы Ақорда резиденциясына түрлі шабуыл жасалғалы жатыр, соған жүк көліктері пайдаланылады деген ақпарат жетті. Маған бас сауғалап, резиденциядан кету, тіпті шетел асу туралы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бірақ мен бұған үзілді-кесілді қарсы болдым. Теледидар арқылы жасаған мәлімдемелерімнің бірінде қандай жағдай болса да жұмыс орнымда қалатынымды ашық айттым. Екі апта бойы тапжылмай, Ақордада болдым, күн-түн демей, шұғыл жиналыстар өткіздім. Сол аласпақ күндерде мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заң мен тәртіп үстемдігін қалпына келтіру ең басты міндет еді.»-дейді.

Мемлекеттік төңкеріс жасамақ болып, Тәуелсіздігімізге қасірет төндірер Қаңтар қасіретіне қазір тура екі жыл толды. Көкейдегі көп сұрақтың бәріне жауап табылған жоқ. Осы жерде айта кету керек, осыдан екі жыл бұрын 2022 жылы 26 қаңтарда парламентте алғаш рет Қаңтар қасіретінің шындығы ашылуын талап етіп, ол үшін парламенттік тыңдау шақыруды ұсынған «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жариялаған едік. Иә, кейін 14 наурызда Бас прокурор бастаған күштік құрылымдар, құзіретті органдар басшылары Парламент Мәжілісіне түгел тізіліп келіп, есеп берді. Соның өзінде Қаңтар қасіретінің көнеушілері айтылып, жазаланғанмен, көсемі айтылмай, жазасыз қалды... Ең әділ сот - уақыт бәрін өз орнына қоятыны анық.

«Елімізде Президент әрі Жоғарғы Бас қолбасшы лауазымы бір бөлек, бұрынғы Президент иеленген Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы лауазымы бір бөлек болды. Осы екі лауазымның иелері бір мезетте қатар қызмет атқарды.

Түптің түбінде бұл жағдайдың билікте қатаң текетірес туғызбай қоймасы анық еді.

Мұны аз десеңіз, дәл осы жағдай Қаңтар дағдарысына әкеп соқтырған алғышарттың бірі болды.

Мен кейінірек Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа оның жақын серіктерінің саяси қитұрқылығы еліміздің тасталқанын шығара жаздағанын ашық айттым.

Қалай десек те, мемлекетте үлкен және кіші президент деген болмауы керек деп санаймын. «Кеттің бе – қайырылма!» Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар осы жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның береке-бірлігін ойлауға тиіс.»

Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Кеттің бе - қайырылма!»-деген қанатты сөзі қағидаға айналуы тиіс. Әйтпесе, Қаңтар қасіреті қайталау беруі кәдік.

Бірақ бұл сөзді қайтыс болған бауырына берген асты саяси есеп беру жиналысына айналдырып, ойына келгенін істеген отыз жылдағы ода айтқыштарды қайта жинап алып, олардың кезекті өтіріктерін тындап, «біз бәрін қатырдық, біз әлі де бармыз» деп қыр көрсетіп, қыртып жүргендер түсіне деңіз...

Қаңтар оқиғасында қылмыстық топтар арандатушылар мен қарақшыларды пайдаланып, бейбіт шерулерді жаппай тәртіпсіздікке ұластыруға күш салды. Бұл қылмыстық топтардың лаңкестермен, оның ішінде сырттан келген лаңкестермен байланысы болғаны анықталды. Лаңкестер ұрып-соғу мен тонау, қирату мен өртеумен ғана шектелмей, Алматы мен бірнеше облыс орталықтарында мемлекеттік органдар, құрылымдардың ғимараттарына, қару-жарак дүкендеріне, құқық қорғау мекемелері мен әскери бөлімдердің қоймаларына шабуыл жасады. Осы күндері 3 мыңнан аса автомат, пулемет, гранатомет т.б. атыс қарулары қолды болып, экономикамызға 3 миллиард долларға жуық шығын келді.

Ал осы 3 мыңнан аса қарудың 2 мыңға жуығы әлі табылған

жоқ. Бұл бір полктың қаруы әлі қолда жүр деген сөз – үлкен қауіп. Сондықтан қару-жарактың әлі қайтарылмай, жасырулы жатқаны біздің ішкі істер органына сын.

Біз «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев екеуіміз Тараздағы Ішкі істер департаменті түрмесінде Қаңтар оқиғасында тұтқындалған 76 жас қазақ жігіттері жатқан камераларға кіріп, сөйлестік. Олардың 14-і біздің жеке қабылдауымызға кіріп, жағдайларын айтты. Бәрі алданған, арандаған. Ішкі істер департаменті жанындағы саябақта қару-жарактар салынған дорбалар үйіліп жатқанын, бұлар да бірнеше Калашников автоматын алғандарын айтады. Көбісі осы 290-шы баппен, заңсыз қару сақтағаны үшін тұтқындалып отыр екен. Олардың біразы өздерін полицияның азаптағандарын да жеткізді. Ол полицейлер жазаларын алыпты.

Бұл аңғалдықпен арандап қалған жастар туралы біз Бас прокуратураға жазып, бірнешеуі босап шықты.

Иә, Қаңтар оқиғасы кезінде бейбіт ереуілге шыққан азаматтарды мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандар өз максаттарына пайдаланып кетті.

Арандап қалған, бұған дейін сотталған 1205 адамның 1095-іне Президенттің бастамасымен рақымшылық жасалды.

Жалпы қазіргі президент тұңғыш президент туралы айтқанда, Қасым-Жомарт Кемелұлының аса жоғары деңгейдегі дипломаттығы көрініп тұрады. Сонда да сұңғыла суретшінің әр бояуы көп нәрсені көрсететіні секілді бір-екі сөйлеммен негізгі ойын ойып тұрып бере салады.

«Кезінде бір айтқыш «Мемуарды шындағын жартысын айттың да, ол тарихи оқиғалардың ауқымын бағамдауға жеткілікті» деген екен.

Мен мемуарларды, публицистикалық шығармаларды, саяси очерктерді әрдайым ыждағатпен оқимын. Ал сұраққа келсек, мен үшін қазіргі кезең мемуар жазып отыратын уақыт емес – деген астарлы қысқа жауаптың айтары көп екені көрініп тұр...

Ал аталмыш мемуарды

оқығандар әлгі айтқыштың «мемуарда шындықтың жартысы айтылса да» деген өлшемнің өзін көп көріп отыр...

Сұқбатта Қаңтар қасіреті кезінде көп талқыланған мәселе – сол бір ел тағдыры ауыр сынға түсіп тұрған сәтте Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы әскерінің көмекке шақырылуына да нақты, толық жауап беріліпті.

«Бұл жерде мына жайтқа баса мән беру керек. Біз бұл құрылымның мүшесі ретінде Ресейге емес, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіндік.

Сол кезде осы ұйымның төрағасы Армения еді. Биыл ҰҚШҰ-ға Қазақстан төрағалық етеді. Құрылым жасағы, шын мәнінде, бітімгерлік рөл атқарып, қасіретті күндерде елді жайлаған жүгенсіздікті тоқтатуға септігін тигізді. Ұйымға мүше-мемлекеттермен келісілгендей, бұл бітімгерлік күштер алдын ала ешқандай талап қоймаса, оның үстіне мерзімінен бұрын Қазақстаннан сыртқа шығарылды» – деп, бұл мәселені түйінде берді.

## ПРЕЗИДЕНТ ЛАУАЗЫМЫНА БІР РЕТ ҚАНА САЙЛАНУ ӨЗГЕРМЕЙДІ

«Әлеуметтік желіде Президент Конституцияға қатысты референдум өткізіп, 2026 жылы тағы да сайлауға түсуді жоспарлап отыр деген қауесет тарап жатыр. Бұл рас па?» – деген сұрақ та қойылды.

– Бұл – жалған ақпарат. Бұдан былай әркім ойына келгенін істеп, Ата заңға онды-солды өзгеріс енгізе алмайды. Ал осындай маңызды мәселеге келгенде, тіпті мүмкін емес. Мен бұған нық сенімдімін. Конституциялық реформа Ата заңға қалай болса солай өзгеріс енгізе беру үшін жасалған жоқ.

Президент лауазымына бір-ақ рет сайлану туралы ереже енді ешқашан өзгермейді. Бұл талап мемлекетіміздің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұтастығы және басқару нысаны туралы нормалар сияқты мызғымастай етіп бекітілген, – деп мемлекет басшысы бұл жалған ақпаратқа нүкте қойды.

алғаш рет депутаттық мандатқа ие болды. Тіпті қазір Парламентте отырған партияның бірі – әуел бастан оппозициялық ұстанымдағы ұйым.»-дейді.

Иә, қазір 6 партия мен бір мандаттылар бас қосқан Мәжілісте елдегі барлық мәселелер ашық талқылануда.

Айтылмайтын мәселе жоқ десе де болады. Бұрын алаңда айтылатын мәселелер парламентке көшті. Шынында да, бұрын «Пәленше парламентке өткенде, мәселелерді ашық көтеретін еді» дейтін саясаткерлердің бәрі қазір Мәжілісте.

Мәселелер тек талқыланып қана қоймай, шетінен шешімдері де табылды.

Сондықтан да, елдің сенімін иелену деңгейі бойынша дәстүрлі сауалнамада биыл парламент президенттен кейінгі екінші орынға көтерілді.

Мемлекет басшысы «Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл-қары тұруымыз қажет. Сондай-ақ қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап бірлесе күресуіміз керек.»-деп нақты тұжырым жасайды.

Қазір отыз жылдай ел іргесін жемқұрттай кеміріп келе жатқан жемқорлық пен паракорлық өршіп тұрғанда, пәна басуымыз қиын екені елге белгілі. Ең алдымен осы екі қауіпті вирусты жою қажет.

«Барлық деңгейдегі шенеуніктер мен басшылар қоғамның тамырын тап баса білуге, азаматтардың мұн-мұқтажын тындап-түсінуге, соған сәйкес дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдауға және дұрыс шешім шығаруға қабілетті болуы керек. Бұл – ең басты талап. Олар «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидатты оқық ұстануға тиіс.»-деген сөзін бекіткенде көз алдымызға дәл осы талапқа сай келетін, бірақ кешегі Қаңтар қасіретінде мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандардың заманында әділетсіздіктің құрбаны болып, қудаланған талай тарландар көз алдымызға елестеп кетті...

Президент қазақ елінің жалынды жастарына кәміл сенетінін баса айтты. Сондықтан билік құрылымдарына аға буынның

тәжірибесі де, жас ұрпақтың жана идеялары да керек екеніне назар аударды.

Кезінде оншақты жылдан бері «Ақ жол» партиясы көтерген, бірақ сол кездегі билік қабылдамаған, тек Қасым-Жомарт Тоқаев президент болып сайланғасын Ұлттық кеңестің отырыстарында өзі бастама жасағасын өмірге жолдама алған бірнеше заңдар заман талабына сай аталады. Олар Парламенттік оппозиция туралы заң, Банкроттық туралы заң, Заңсыз активтерді қайтару туралы заң және тағы басқалар. Президент сұқбатында осы заңдарды атап өтті.

### РУХАНИ КҮШ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАЙДЫ

Мемлекет басшысы рухани-мәдени салада биыл аталып өтетін мерейлі шараларға да тоқталып өтіпті.

«Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, туңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа.»

Біз де кезінде 2019 жылы 6 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында Алтын Орданың 750 жылдығынан кейін 2024 жылы Жошы ханның Ұлы ұлысқа таққа отырғанының 800 жылдығын жалғастырайық деп ұсыныс жасаған болатынбыз. Сонымен қатар Жошы ханға, қазақ қызы, Шыңғыс ханның төрткүл дүниені билеген төрт ұлының анасы Бөртеге, Шыңғыс ханға, Бату ханға ескерткіш қою керек деп ұсыныс жасап едік. Алғашқысы іске асты. Ұлытауда Жошы ханға ескерткіш қойылды, біз ұсынғандай аспан астында асқақтаған алып ескерткіш болмаса да...

Жалпыұлттық диалог алаңы – Ұлттық құрылтай диалог кәсіміз өтеді. Онда идеологиялық бағыттар, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, қоғамның жаңа құндылықтарын жаңғырту мәселелері талқыланады.

Сонымен қатар президент Бесінділер ойынының қазқ жерінде өтуі ұлттық спорттың мәртебесін көтеріп, Ұлы Далдадағы көшпенділер өркениетінің насихатын күшейтетініне баса мән берді.

Президенттің ұлттық бірегейлікті айшықтап, ел бірлігін нығайта түсу үшін қазақтың төл жаңа жылы Әз Наурызды ерекшеліп, мазмұнын байытып, жаңаша атап өтуді ұсынғанын қуана қолдаймыз.

Кенес империясы бұдан бір ғасыр бұрын 1926 жылдан бері тойлауға тыйым салған Наурыз мейрамы елімізде алғаш рет 1988 жылы тойланды. Демек биыл 36 жыл жоғалған деуге тойланады.

